

Бекітілді:
№41 «Назерке» бөбекжай - балабақшасы
МКҚК менгерушісі:
А.Е. Қарабалына
2025 жыл



*Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық
жоспары
№2 «Айгөлек» мектепалды тобы*

Музыка жетекшісі: Утегенова Г.Ж

«Айгөлек» мектепалды тобы

Балалардың жасы 5 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) қыркүйек айы 2025 жыл

Аптасына 2 сағат

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
Қыркүйек	Тақырыбы	«Менің балабақшам»	«Менің айналам»	«Менің достарым»	«Ғажайып әлемде»
	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын түсіне отырып тыңдап, ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін жетілдіруге, марш сипатын анық ырғақты жүруге, балалар музыкалық аспаптарында қарапайым әуендерді ойнауға баулу.	Тыңдаған музыкалық шығармаға көзқарасын білдіруге, ән айту дағдыларын қалыптастыруға, таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруға, таныс әуендерді музыкалық аспаптардың сүйемелдеуімен жеке және шағын топпен орындауға үйрету.	Музыкалық шығарманың сипаты, мазмұны туралы айтуға, бірінші октаваның "ре", екінші октаваның "до" диапазонда жеңіл дауыспен ән айтуға, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындауға, дауылпаз аспабында ойнауға баулу	Тыңдаған музыканың сипатын бейнеленін мазмұнымен оның көңіл-күйімен байланыстыра білуге, ән айтуда музыкалық фразалар арасында тыныс алуға, қосалқы және ауыспалы қадам жасауды білуге, . . асатаяқ аспабында ойнауға баулу.

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
Қазан	Тақырыбы	«Менің әжем»	«Менің отбасым»	«Менің Отаным»	«Менің әлемім»
	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Музыка тыңдауда әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру, әннің сөздерін анық айтуға, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіруге баулып, сазсырнай аспабында таныс әуендерді ойнату.	Музыка тыңдауда әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру, әннің сөздерін анық айтуға, ; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіруге, сазсырнай аспабында таныс әуендерді ойнату	Музыка тыңдауда музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін дамытып, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгертіп, тұяқтас аспабында ойнату.	Қазақ музыка өнерінің шығармаларын тыңдату, музыкалық аспаптын сүйемелдеумен ән айту, би өнері өзінің эстетикалық болмысында казак жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіріп, қоңырау аспабында таныс әуендерді сүйемелдету.

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
Қараша	Тақырыбы	«Мен еңбекқор баламын»	« Жаңбыр»	«Құстар қайтып барады»	«Менің жемістерім»
	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша музыканы есте сақтауды жетілдіру, музыкалық аспаптың сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау, сыбызғы аспабында таныс әуендерді ойнату.	Тыңдай отырып, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру, әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше орындауға баулу, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, арқылы бере білу, сыбызғы аспабында таныс әуендерді ойнату.	Қазақ халық музыка аспаптарының үнін тыңдату, домбыра, Құрманғазы, Орташа дауыспен ән айту, музыканың қимыл сипатын жүрелеп отыру арқылы бере білу, домбыра аспабында таныс әуендерді ойнату.	Қазақ халық музыка аспаптарының үнін тыңдату, Қобыз, Қорқыт. Ақырын дауыспен ән айту, қосалқы және ауыспалы қадам жасауды меңгерту, металлофон аспабында таныс әуендерді ойнату.

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
Желтоқсан	Тақырыбы	«Менің аққалам»	« Қыс қызығы»	«Тәуелсіздік-таңым»	«Қош келдің жылым»
	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Қазақ халық музыка аспаптарының үнін тыңдату, домбыра, Тәттімбет, Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше орындауға баулу, билегенде қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертіп, ксилофон аспабында таныс әуендері ойнату.	Қазақ халық музыка аспаптарының үнін тыңдату, домбыра, Дина Нұрпейісова. би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, Дауылпаз аспабында таныс әуендері ойнату.	Қазақ халық музыка аспаптарының үнін тыңдату, домбыра, Дәулеткерей. Әртүрлі сипаттағы әндерді шығармашылықпен орындауға баулып, асатаяқ аспабында таныс әуендері ойнату.	Қазақ халық музыка аспаптарының үнін тыңдату, кобыз, Ыкылас Дүкенұлы. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру, , балаларға "Қаражорға" биін билетіп, жетіген аспабында таныс әуендері ойнату.

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
Қаңтар	Тақырыбы	«Сырғанақ»	«Менің досым»	«Менің қолғабым»	«Қысқы ойын»
	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Музыка тыңдауда лирикалық, вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, билеу барысында қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертіп, шаңқобыз аспабында таныс әуендерді ойнату.	Классикалық музыка тыңдау мәдениетін қалыптастыру, Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру, кішігірім әнді мәтінге сәйкес бимен сахналау, даңғыра аспабында таныс әуендеді ойнату	Лирикалық, әуендерді қабылдау, қатты және ақырын дауыспен ән айту. ; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіре отырып, асатаяқ аспабында таныс әуендерді ойнату	Вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның "ре", екінші октаваның "до" диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертіп, сылдырмақ аспабында таныс әуендерді ойнату

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
Ақпан	Тақырыбы	«Ғажайып қыс»	«Менің достарым»	«Менің шанам»	«Менің аулам»
	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Тыңдаған шығарманың қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу, ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның "ре", екінші октаваның "до" диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, билегенде : қосалқы және ауыспалы қадам жасауды үйрету, бубен аспабында таныс әуендерді ойнату	Тыңдаған шығарманың , сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу, әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру, музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын біліп, маракас аспабында таныс әуендерді ойнату.	Заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру, әннің сөздерін анық айту, би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгертіп, қоңырау аспабында таныс әуендерді ойнату.	Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру. музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіріп, бубен аспабында таныс әуендерді ойнату.

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
Наурыз	Тақырыбы	«Бәріңізге алғыс»	«Менің анам»	«Менің асығым»	«Мен казактын»
	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу, «Дайдидау», ән айту дағдыларын қалыптастыру қазақ өз дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіріп, сылдырмақ аспабында таныс әуендерді ойнату.	Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу, «Балқадиша», орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту, қосалқы және ауыспалы кадам жасап, асатаяқ аспабында таныс әуендерді ойнату	Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу, «Еркем-ай», әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру, , әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгертіп, бубен аспабында таныс әуендерді ойнату.	Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу, «Қара жорға», бірінші октаваның "ре", екінші октаваның "до" диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, , казактын халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын сіңіру, дауылпаз аспабында таныс әуендерді ойнату

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
	Тақырыбы	«Көктем»	«Менің қолшатырым»	«Ғажайып әлем»	«Мен әншімін»
Сәуір	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Лирикалық, әуендерді қабылдау, жеке ән айту дағдыларын дамыту, қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгертіп, маракас аспабында таныс әуендерді ойнату.	Вальс ырғағындағы баяу әуендерді қабылдау, ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру, би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасап, қоңырау аспабында таныс әуендерді ойнату.	Классикалық музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгертіп тоқылдақ аспабында таныс әуендерді ойнату.,.	Әлемдік халықтық музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру, марш сипатын анық ырғақты жүріп, кастаниет аспабында таныс әуендерді ойнату.

Айы	Музыка сабағы	I апта	II апта	III апта	IV апта
	Тақырыбы	«Солдат болам мен ертең»	«Менің гүлдерім»	«Менің бақшам»	«Сыйлық»
Мамыр	Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің міндеттері	Заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. музыкалық фразалар арасында тыныс алуға баулу, би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындап, ысқырық аспабында таныс әуендерді ойнату	Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, ажырата білуге үйрету, әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше орындауға баулу, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру арқылы бере біліп, дауылпаз аспабында таныс әуендерді ойнату.	Балаларды шығарманың сипатын, көңіл-күйін, ажырата білуге үйрету, әндерді шығармашылықпен орындауға баулу, ; музыканың қимыл сипатын, жүрелеп отыру арқылы бере біліп, сылдырмақ аспабында таныс әуендерді ойнату.	Балаларды шығармалардың динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету, әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру, қосалқы және ауыспалы қадам жасауды үйреніп, маракас аспабында таныс әуендерді ойнату.